

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ТОЙПАНДЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ АУДАНЫМЫЗДА

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Ел тәуелсіздігін туғыры ету жолында еңбегі ерен Елбасымен қазақстандықтар мақтанады. Сондықтанда халқымыз

БІР ТАҒДЫР! ЕЛБАСЫ!
ОДНА СУДЬБА! ОДИН ЛИДЕР!



үшін ерекше тұлға саналатын Тұңғыш Президентке құрмет ретінде желтоқсанның алғашқы күні мерекелік күнтізбеге енгізілді. Осылайша жыл сайын 1 желтоқсан күні аталып өтілетін-Елбасын ұлықтауға арналған мереке биыл да Байзақ жерінде барынша ұйымшылдықпен өтті.

Аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйіне Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты думанды көремін деп келушілердің қарасы қалың болды. Мемлекеттік Гимн орындалғаннан кейін, байзақтықтарды осынау мерейлі мерекемен құттықтаған аудан әкімі Мұратхан Шүкеев Тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуында көреген көшбасшымыздың орны зор екендігін айтып, Президентіміздің бастамасымен жүзеге асып жатқан жұмыстарды, мемлекеттік бағдарламаларды, 25 жылда жеткен жетістіктерді тілге тиек етті. Экономикалық өсіп-өркендеуімізде, шекарамыздың шегеленіп, ару қала Астананың бой көтеруі тағы басқа толайым табыстар Елбасының сарабал саясатының арқасында атқарылып жатқанын атап өтті.

Мұратхан Жүнісәліұлы ендігі мақсат, Нұрсұлтан Әбішұлының «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруда белсенділік

таныту екендігін айтып,тәуелсіздігіміздің баянды, онда өмір сүріп жатқан ұлттардың достастығы мәңгілік болуына тілектестігін білдірді.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Бекжан Қадырбек мемлекетімізде жастарға жасалып жатқан қамқорлықтардың барлығы тікелей Елбасының қатысуымен болып жатқанын ауызға алып, тәуелсіз Қазақстанмен қатар өсіп, өркен жайғанын мақтаныш санайтынын жеткізді.

Мемлекеттік Гимн қайта орындалып, салтанатты шара тәмамдалды.

Мереке концерттік бағдарламамен жалғасты. Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінің оқушылары ақындардың Тұңғыш Президентке арнап жазған жырларын жатқа оқыса, белгілі әнші Заман Молдабаев «Елбасы» әнін шарықтап шырықп, жиналғандарды бір серпілтіп тастады.

«Шолпан» ән би ансамблі қазақ биін, «Дания» бишілер тобы «Қазақтың арулары» биін мың бұрала биледі. «Байзақ үштігі» М.Егінбаевтың «Туған елім, туған жерім», Д.Рахымбердиев Е.Әміровтың «Жасұландар», Ө.Нұрбаев «Азаттық таңы»,

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл бағытта елімізде көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Өткен жылы Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңы қабылданғаны белгілі. Мұның өзі аталмыш саланы әртараптандыруға, ұсақ агроқұрылымдарды ірілендіруге жаңа серпін беруде. Ұсақ қожалықтардың кооперативтерге бірігуі қаржыландыру мәселесіндегі көп түйткілдің шешімін тауып, нәтижесінде іріленген шаруашылық құрылымдары мемлекет тарапынан бөлінетін субсидияларға қол жеткізбек.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша сүт қабылдау пункттерінің желісін және бордақылау алаңдарын құру арқылы ауыл шаруашылық кооперативтерін дамыту ұсынылуда. Осы мақсатта, кеше, жұма күні, ауданымызға арнайы жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов келді. Жұмыс сапары барысында министрен облыс әкімі Кәрім Көкірекбаев, облыс әкімінің орынбасары Абдалы Нұралиев, аудан әкімі Мұратхан Шүкеев бірге жүрді.

Министр жұмыс сапарында Ботамойнақ ауылдық округіндегі тұрғындардың жекелеген қосалқы шаруашылықтарының ауыл шаруашылық кооперативтеріне бірігуі арқылы жаңа құрылып жатқан кооперативтің мүшесі Хафиз Зафуровтың ет бағытындағы мал бордақылау алаңында болып, ондағы атқарылып жатқан жұмыстар барысымен танысты. Кездесу барысында кооператив мүшесі Хафиз Зафуров Үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулар нәтижесінде мемлекеттік бағдарламаның жемісін

көріп отырғанын айта келе, облыс пен аудан басшылығына деген ризашылығын білдірді. Себебі, бастапқыда «Жұмыспен қамту - 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында үш миллион теңге несиеге қол жеткізіп, жиырмадан астам мүйізді ірі қара малын бордақылаған ол ағымдағы жылы тамыз айында «Нұр Отан» партиясының «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасына қатысып, алты миллион теңге несие алыпты. Осылайша істің көзін таба білген Хафиз Зафуров бордақыланатын ірі қара санын жетпіс басқа жеткізген.

Өз кезегінде аудан басшысы Мұратхан Жүнісәліұлы аймақта жекелеген қосалқы шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперативіне біріктіру мақсатында аудан аумағында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша мәлімет бере отырып, осы ет және сүт бағытында 22 кооператив құру жоспарланып отырғанын, бүгінгі таңда оның ішінде, сегізінші құжаты дайын екенін жеткізді.

«Ағали» шаруа қожалығының жетекшісі Наби Ағалиев сүт бағытындағы жұмыстар тұрғысында сөз қозғай отырып, бүгінде инвестициялық субсидия мәселесі өзекті болып отырғанын жеткізді. Бұл мәселе төңірегінде министр толықтай түсінік беріп, қайта қаралып жатқан заң жобасында аталмыш мәселелердің шешімін табатынын айтты.

Аудан көлемінде қолға алынған игілікті істерге ризашылық танытқан Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Исабекұлы бұдан кейін облыс орталығы Тараз қаласына жүріп кетті.

25 ЖҰЛДЫЗДЫ КҮН АЯСЫНДА

АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

А.АЛДАБЕРГЕНОВ,
«Ауыл жаңалығы».

“Ұлы Дала елі-Тәуелсіздіктің 25 тұғыры” негізіндегі 25 жұлдызды күн жобасының ауқымында аудан әкімі М. Шүкеев көп балалы аналарды қабылдап, “Күміс алқа” төсбелгілерін салтанатты жағдайда табыстады.



Аудан басшысы Мұратхан Жүнісәліұлы көп балалы аналарды ұлық мереке-Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерекесімен құттықтап, аналардың қоғамда, отбасында алатын орнына, бала тәрбиесіндегі рөліне тоқталды. Еліміздің демографиялық дамуына үлесін қосқан аруларға қандай құрмет көрсетсе

де жарасатындығын сөз етті. Одан бөлек, жыл санап көп балалы аналар қатарында жас аналар саны артып келе жатқанын, кез келген

мемлекет халқының көптігімен мықты әрі күшті болатындығын жеткізді.

Арнайы ұйымдастырылған жиында аудан басшысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, диқандық С. Левчукке, Бәйтерек округінен Қ. Халилаева мен Ұ. Қалмахановаға, түймекенттік А. Ұласқанова және А. Жетігеноваға, қызылжұлдыздық Н. Ералиеваға, мырзатайлық А. Іңкәрбековаға «Күміс алқа» белгілерін салтанатты жағдайда табыс етті. Ақ жаулықты аналардың дендеріне саулық, отбастарына амандық тіледі.

Алтын құрсақты аналарды марапаттау рәсімінде аудандық мәслихаттың хатшысы Н. Тлепов, аудан әкімі аппаратының басшысы Б. Акбаев қатысып отырды.

Аудандық мәслихат депутаттарының назарына!

Алтыншы сайланған Байзақ аудандық мәслихатының кезектен тыс VIII сессиясы 2016 жылғы 5 желтоқсан күні сағат 11.00-де мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен өтеді:

- 1.«2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Байзақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №48-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»;
- 2.«Байзақ ауданының Құрметті азаматы атағына ұсыныс енгізу жөніндегі комиссияның» құрамына өзгерістер енгізу туралы».

Аудандық мәслихат аппараты.

ЕЛ ДАМУЫНДА МӘСПИХАТТЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

Н.ТЛЕПОВ,
Байзақ аудандық мәслихатының
хатшысы.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық жарқын жолында ауданымыздың жергілікті басқару органдары еліміздің экономикасы мен әлеуметтік дамуына өзіндік үлес қосты. Осы тұста ел ішіндегі саяси тұрақтылық пен халық бірлігін сақтауда, орнықты дамуды жалғастыруда, қоғамды әлемдік өркеніет жолымен демократияландыруда жергілікті мәслихаттардың жүгі салмақтана түсті.

Бүкіл еліміздегі сияқты Байзақ ауданында да әлеуметтік – экономикалық тұрғыдағы он өзгерістер орын алды. Аудан халқының әлеуметтік жағдайы жақсарып, бар әлеуметтік нысандар уақыт талабына сай жабдықталды. Оларға қоса жана балабақшалар мен дәрігерлік бекеттер көптеп ашылды. Таза ауыз сумен және табиғи газбен қамтамасыз етілген елдімекендер қатары арта түсті. Уақыт талабына сай, өндіріске жаңа, озық технологияларды енгізу арқылы өнімдердің бәсекеестікке қабілетін арттыру, жер өңдеу мәдениетін сақтап, дақылдардың тұқым сұрыптарын жаңарту арқылы үлкен өнімділікке қол жеткізілуде. Мал басы өсіп, мүйізді ірі қара 36,3 мың басқа, қой мен ешкі 250,7 мың басқа, жылқы 10,5 мың басқа, түйе 848 басқа жетті. Мал тұқымын асылдандыру жұмысы жолға қойылып, мал дәрігерлік жұмыс жақсарып, аурулардың алдын алу шаралары жоспарлы түрде жүргізілуде.

Егіншілік саласында да мол өнім алынуда. 800 гектардан аса алқапқа тамшылатып суару технологиясы енгізілген. Бұл жетістік жылдан-жылға қанатын жайып келеді.

Әлеуметтік сала да жақсаруда. Аудандағы 43 елдімекеннің жартысы көгілдір отынмен қамтылып, он ауылға таза ауыз су кіргізілді. Тәуелсіздік жылдарында ауданда 5 мектеп, 5 ауылдық амбулаториялық бекет, 90 шақырымдық жаңа жол салынды.

Аудандық мәслихат жұмысының негізгі принципі – түсіністік, атқарушы органдармен тығыз байланыс, ортақ іске бірге жұмылу. Ауданда атқарылып жатқан ігі істердің орындалуына жергілікті өкілді орган – аудандық мәслихаттың да қосқан үлесі бар екенін айтуымыз керек.

Биыл, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында аудандық мәслихаттың осы жылдардағы жұмысына тоқталып өтсек. Дүниедегі сайланбалы өкілді қызмет саласының тарихы ертеден



бастау алғанымен біздің еліміз үшін жергілікті мәслихаттардың қадамы жас болса да, демократиялық мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру жолындағы қоғамда алатын орны бөлек. Олар жыл өткен сайын есейіп, рухани – саяси, қоғамдық – мәдени тұрғыда нығайып, заман талабына сай қалыптасып келеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық», делінген. Қоғамды демократияландыру үдерістерінде жергілікті өкілді органдардың, халық билігінің негізгі формасы ретінде, мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының маңызы өте зор.

Мәслихат-халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілеп, олардың жүзеге асырылуын қадағалайтын жергілікті өкілді орган. Ол қызметінде мәслихат мемлекеттің жалпы сыртқы және ішкі саясатына, қаржы және инвестициялық саясатқа сай келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермейді, қоғамдық маңызы бар салаларда белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстанады, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары мәслихаттар жергілікті билік және барлық сайлау науқандары түрлерінің әрекеттерінде негізгі рөлге ие болғанын сеніммен айтуға болады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан саяси және экономикалық үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Мұнда

да жергілікті өкілді орган өкілдерінің сүбелі үлесі бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен 1993 жылы Конституция қабылданғанда жана тәуелсіз, егемен мемлекеттің негізгі аяққа тұруы басталды. Дәл сол жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жергілікті мемлекеттік органдар құрылымына маңызды өзгерістер енгізген «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» Заң қабылданды. Жергілікті өкілді органдар – «Мәслихат», жергілікті атқарушы органдар «Әкімшілік» болып аталды. Мәслихаттар мен әкімшіліктер «жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атауға біріктірілді. Ұйымдастырушылық жағынан жергілікті органдар бір-бірінен бөлінген, әрқайсысының өкілеттігі, мәселелер аясы мен өз құзыреті бар.

1994 жылдың наурыз айында елімізде Қазақстанның саяси көзқарасындағы жана толқынды танытқан жергілікті өкілді билік органдары – мәслихаттарға алғашқы сайлаулар басталды. Ол елдегі бәсекеге қабілетті алғашқы сайлау болып, республиканың демократиялылығын жедел дамытты.

Мәслихаттар нақты заң шеңберінде жергілікті халықтың еркіндігі мен ерікті іс-әрекет етуін қамтитын мемлекеттік органдардың өкілеті ретіндегі функцияларға ие болды. Ауданымызда 19 сайлау округі бойынша 19 депутат сайланды. Бірінші сайланған Свердлов аудандық мәслихатының – Депутаттар жиналысының бірінші сессиясы 1994 жылғы 5 сәуірде шақырылып, онда оның шешімімен “Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес, аудандық мәслихаттың – Депутаттар жиналысының алғашқы хатшысы болып, ұзақ жылдар партия, кеңес органдарында жұмыс атқарған Тілеуқұл Абдуалиев сайланды. Содан бері аудандық мәслихаттың алты шақырылымы өтті. Осы шақырылымдар аралығында депутаттық мандатты 4 рет иемденген депутаттар Р.Сапарбеков пен А.Үкібаев атап өтуге болады. Сонымен қатар, депутаттық мандатқа

3 рет ие болған 5 депутат бар екенін айтуымыз қажет.

Мәслихат депутаттары – тәжірибелі басшылар, демократияның, жариялылықтың және әлеуметтік прогресстің дамуына зор үлес қосқан, әр түрлі саладағы жоғары білікті, азаматтық ұстанымы бар мамандар. Осы жылдар аралығында өздерінің белсенді еңбегінің арқасында аудан тұрғындарының сеніміне ие болған Т.Абдуалиев, Ү.Халиев, Я.Бешлы-оглы, Қ.Оңласынов, Ш.Мырзалиев, Р.Сапарбеков, Н.Байжанова, Ж.Есенқұлов, С.Рәпілбеков, А.Үкібаев, Н.Үкібаев, А.Исабаев, Ш.Әшім, А.Жемішжанов, Р.Сәрсенов, тағы басқа депутаттарды атауға болады.

Алтыншы сайланған Байзақ аудандық мәслихатына 15 депутат сайланды. Оның бірінші ұйымдастыру сессиясы 2016 жылғы 24 наурызда өткізіліп, онда аудандық мәслихат хатшысы болып №3 сайлау округінен депутат мен сайландым. 3 тұрақты комиссия құрылған. Олардың төрағалары болып А.Жамишжанов, Г.Тұрғалиев, Р.Сапарбеков сайланды. Мәслихат қызметінің негізгі нысаны сессия болып табылады. Онда жергілікті маңызы бар мәселелер қаралып, шешімін табады. Мәслихат құрылғаннан бері онда қаралған мәселелерге тоқталсақ, ол төмендегіні көрсетеді.

Өл шақырылымның өз кезеңінде 50-ге жуық сессия өткізіліп, оларда 200-ден астам мәселе қаралып отырған. Алтыншы шақырылым депутаты сайланғаннан бері 7 сессия өткізіп, онда 28 мәселені қараған. Мәселелерге қатысты тиісті шешімдер қабылданып, олардың орындалуы бақылауға қойылды.

Аудандық мәслихат өз құзіретін пайдалана отырып, бүгінгі күнге дейін ауданымыздың өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосқан 91 азаматқа «Байзақ ауданының Құрметті азаматы» атағын беріп, 343 азаматты аудандық мәслихаттың және Байзақ ауданының Құрмет грамоталарымен марапаттады. Аудандық мәслихаттың әрбір депутатының белсенділігін арттыруда, олардың беделін аудан тұрғындары алдында көтеруде, сайлаушылардың талап – тілектерін орындаудағы жұмыс өдісі мен түрлерін жетілдіруде едәуір жұмыс атқарылып келеді.

Аудандық мәслихат депутаттары өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында сайлаушылардың ұсыныс-пікірлері бойынша сессия және тұрақты комиссия отырыстарында мәселелер көтеріп, олардың орындалуына өз үлестерін қосуда. Депутаттардың бәрі дерлік

өздерінің сайлауалды бағдарламаларын және сайлаушылармен кездесу барысында туындаған талап-тілектерін іске асыру мақсатында ауданның атқарушы органдарының алдына талаптар қойып отырады.

Бүгінгі таңда әрбір депутаттың өз сайлау округіндегі тұрғындармен тығыз байланысы қалыптасты деуге болады. Депутаттар сайлаушыларды қабылдап, олармен кездесулер өткізіп, толғандыратын маңызды мәселелерді талқылап отырады. Ұсыныстарды, шағымдарды тиісті орындарға қояды, орындалуына уақытылы бақылау жасайды және жылына екі мезгіл сайлаушылар алдында есеп береді.

Аудандық мәслихат аппаратының қызметкерлері депутаттардың өз өкілеттігін жүзеге асыруға, белсенділігін арттыру үшін қажетті жұмыстарды ұйымдастырып отыр. Мәслихат аппаратының қалыпты жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалынып, материалдық-техникалық базасы нығайды.

Аудандық мәслихат аппараты құжат айналымын жетілдіру, басқару еңбегінің сапасын арттыру бойынша бірқатар жұмыстар атқарды. Келіп түскен және жөнелтілетін құжаттарды өңдеу, тіркеу, орындаушыларға табыстау жұмыстары жақсарды.

Аудандық мәслихатта жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, оларды есепке алу, №1 «Айқын» ОЛ нысанда есепті жасау және оның құрылуына басты назар аударылады. Сонымен қатар, сайланғаннан бері менің жеке қабылдауымда 41 азамат болып, сұраныстарына толық мәлімет алды.

Уақыт, өмір бір орында тұрмайды. Ол кез-келген өміршең мәселелердің өзіне де жанаша тұрғыдан қарап, дамытып, жетілдіріп отыруды қажет етеді. Бұл әрбір азаматты жауапкершілікке шақырып, игі істерге бастайтын ұран. Осыдан аз ғана бұрын бәсекеестікке қабілетті әлемдегі елу елдің қатарына қосылуы мақсат етсек, бүгінде Қазақ Елі бұл межені де бағындырып, әлемдегі алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің біріне айналғау бағыт алып отыр.

Біз, еліміздің тірегі, мемлекетіміздің беріктігі өзіміздің қолымызда екенін түсінеміз. Сондықтан да, Отанымыздың болашағы баяндай, келешегі кемелді болуы үшін аянбай еңбек ететін боламыз.

Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық мерейлі мерекесі құтты болсын. Қазақ елі мәңгілік ел болсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміз ғұмырлы болсын!



ҰЛЫ ДАДА ЕЛ-ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ТҰҒЫРЫ

“25жылдыздық” аясында Бұрыл орта мектебінде Аудан әкімдігі білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы

Тәуелсіздігіне 25 жыл: жасампаздығы мен жарқын болашағы» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткерілді.

Конференцияны аудан әкімдігі білім бөлімі

әдіскері А. Шаухаров, 3-секцияда тарих пән мұғалімдерімен «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев және оның қазақстандық мемлекеттілікті қалыптастырудағы рөлі» тақырыбында әдіскер А. Қуатова, 4-секцияда-кітапханашылармен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және ұлт құндылықтары» атты тақырыпта әдіскер Ф. Иманбекова баяндама жасады.

Білім саласының қызметкерлері негізінен еліміздегі халықтар бірлігін және барлық

ЖАС ЖІГЕРДІҢ ЖАРҚЫЛЫ

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің “Жастар ресурстық орталығы” ККМ-нің ұйытқы болуымен “Кемел келешекке кемеңгер Елбасымен!” атты жастар акциясы шеңберінде жастар және мектеп оқушыларының қатысуымен флешмоб өтті.

Айтулы шара “Жұлдызды 25 күн” акциясы аясында ұйымдастырылып, Тұңғыш Президент күніне арналды.

Алдыңмен орталық алаңға жиналған жұртшылыққа



басшысының міндетін атқарушы Ш. Абдурасулов ашып, жүргізіп отырды. Алдымен сөзді алған Қазақстан Республикасы Қорқы Күштерінің ардагері, отставкадағы полковник, Жамбыл облысы әкімдігі аппаратының штаттан тыс статис М. Байжанов тәуелсіз еліміздің тарихына, Елбасының еңбегіне тоқталды. Жиналғандарды мерейлі мерекемен құттықтап, ел болашағын тәрбиелеп жатқан ұстаздарға шығармашылық табыс тіледі.

Конференция барысында пленарлық отырыста 4 баяндама, 4 секция жұмысы барысында 1 коучинг, 2 панорамалық сабақ өткеріліп, 9 баяндама тыңдалды.

1-секцияда директордың тәрбие және құқықтық ісі жөніндегі орынбасарлары және сынып жетекшілерімен «Мәңгілік Ел» – Қазақстанның ұлттық идеясы» тақырыбында аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері М. Атагаева, 2-секцияда АӘД пән мұғалімдерімен «Отансүйгіштік және азаматтық тәрбие беру мәселелерінің қазіргі жағдайы» тақырыбында

қазақстандықтарды «Мәңгілік Ел» құндылықтары төңірегіне шоғырландыру, Қазақстанның жетістіктері мен табыстарына назар аудару және қазақстандық қоғамның одан әрі табысты дамуының түйіні болатын «Мәңгілік Ел» жалпымұлттық патриоттық идеясын және оның құндылықтарын насихаттауды мұрат еткені шара барысында анық аңғарылды.

Конференция интерактивтік режимде өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша слайдтар көрсетіліп, мульти-медиа құралдары тиімді пайдаланылды.

Жынға қатысушылар ел тәуелсіздігіне арналған кітап көрмесін, «Тәуелсіздік толғауы» атты бейнероликті тамашалады. Егемен еліміздің ұлт құндылықтарын насихаттау, Мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, тәуелсіздік тарихын тереңінен тану, татулық, ел бірлігі жайында тұщымды ой-пікірлерімен бөлісті.

таратылған Тұңғыш Президент күніне орай шығарылған Құттықтау тілектері тосынсыз болды. Олар ерекше ықылас пен мерекелік көңіл күйге бөленді. Осындай қуаныш сыйлағандары үшін жастарға ризашылықтарын білдіріп, Тұңғыш Президент және Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерекелерімен құттықтады.

Аудан жастары әсем әуен ырғағында елімізді мекен еткен сан ұлт өкілдерінің биін билеп, Елбасының жастарға жасап отырған қамқорлықтарын, тәуелсіздіктің табыстарын би арқылы жеткізе білді. Әуеге қызылды-жасылды шарлар ұшырылды.

Орталық алаңға жиналған аудан тұрғындары әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің және балалар мен жасөспірімдер орталығы өнерпаздарының өнерін тамашалады. Патриоттық әндерден шашу шашылды.

Тұңғыш Президент күніне орай аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйытқы болуымен 2003-2006 жылдары туылған жасөспірімдер арасында аудандық кросстан жарыс ұйымдастырылып, топ жарған жалаңқатар Алғыс хатпен және Медальдармен марапатталды.

ӨЗ тілшіміз.

МЕДИАЦИЯ ЖӘНЕ ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ

Қ.ТІЛЕМІСОВА,
Байзақ аудандық сотының бас маманы.

Медияция тәсілі сот жүйесіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы, яғни, тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Медияция деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады.

Татуластыру рәсімдері жеке регламенттелгенін атап өтуге болады. Тараптар арасындағы дауды (жанжалды) реттеуді медияция тәртібінде медиатор немесе тараптардың өтінішхаты бойынша судья жүзеге асырады. Бір іс шегінде тараптар бірқатар мәселелерді шеше алады. Өйткені талап қоюдан мәні мен негізінің бір мезгілде өзгертілуі шешіледі. Әсіресе бұл балаларға қатысты дауларды, мұра туралы туыстар арасындағы дауларды, көршілер арасындағы дауларды, еңбек ұжымындағы дауларды қарау және шешу кезінде оң ықпал етеді.

Қолданысқа енген Азаматтық процестік кодексіне жаңа ұғым – «партиципативтік рәсім» кезінде дауды реттеу ұғымы енгізілген. Бұл сотқа қатысушылардың келіссөз жүргізу барысында дауды реттеуге адвокаттардың қатысуымен өтетін татуласудың жаңа тәсілі болып табылады. Аталған рәсім судьяның қатысуынсыз өтеді.

Партиципативтік рәсімде судья жан-жақты дауды зерттеп болғаннан кейін, шешім шығармастан бұрын екі жақтың өзара келісімге келуіне қорғаушылармен бірге уақыт береді. Татуластырумен медиаторлар ғана емес, сонымен қатар бірінші және апелляциялық инстанция судьялары мен адвокаттар да айналысатын болады. Міне, осыны «партиципативтік рәсім» деп атаймыз. Биылғы жылдан бастап шешім шығаруға кеңесу бөлмесіне жиылар алдында партиципативтік рәсімін қолданып, тағы да татуласуға жағдай жасалынып отыр.

Бүгінгі таңда Байзақ аудандық сотында 2016 жылдың басынан бастап осы күнге дейін 40 әкімшілік іс, 21 қылмыстық іс, 84 азаматтық іс, партиципативтік рәсіммен 3 азаматтық іс қаралған.

Жалпы медияция - тараптардың дауласу деңгейінің төмендеуіне, дау тудыратын жағдайларды шешу арқылы тараптар арасында тұрақты қарым-қатынас қалыптастыруға айрықша ықпал етуде.



Өткен бейсенбі күні Мырзатай ауылдық округі әкімшілігінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы және Тұңғыш Президент күніне



арналған «25 жыл Жеңістер мен Жемістер» тақырыбында өткен шараға округтегі Мырзатай, Сенкбай, Дихан ауылдарының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан түрлі саланың өкілдері жастармен кездесті.

Жиынды Дикан тірек мектебі директорының міндетін атқарушы С.Жаманғараева ашып, тәуелсіз Қазақстанның толайым табыстары мен жетістіктеріне ауданымыздың, соның ішінде Мырзатай округі

азаттық, егемендік жайында тереңірек толғады. «Тату» шаруа қожалығының жетекшісі Р. Саршаев туған ауылында шаруа қожалығын ашып, ісін дөңгелетіп отырғандығын айтса, жеке кәсіпкерлер К. Шерметов пен Ж. Сағынбектер ел табысына үлес қосып отырғандығын мақтанышпен жеткізді. Шағын кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан беріліп жатқан несие жөнінде де айтып берді.

жиналғандарды Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, ел Тәуелсіздігінің қалыптасуына, Елбасы Н. Назарбаевтың мемлекеттің құрылуы мен дамуындағы роліне тоқталды. Туған өлкесін еңбегімен көрікті етіп отырған азаматтарға алғысын айтып, қарапайым отбасынан шыққан Елбасының еңбек жолын ауыл жастарына үлгі етіп, елге, халыққа, отанға адал қызмет етудің маңызына баса мән берді.

Сталиннің бұйрығымен Голощекиннің қазақ жеріне басып болып келуі, қазақ халқының біртуар перзенттері Әлихан Бөкейханов пен Тұрар Рысқұловтың ашаршылық жылдары

“ТӘУЕЛСІЗДІК-МАҚТАНЫШЫМ”

Тәуелсіздіктің 25 жылдына орай Н.Киікбаев мектеп-гимназиясында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Біржанов пен 10 “б” сыныптың жетекшісі Н. Нарикбаеваның ұйымдастыруымен “Тәуелсіздік-мақтанышым” атты кеш өткізілді.

Тәуелсіздікке 25 жыл!”, “Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы” “Елі сүйген, елін сүйген Елбасы” атты лозунгілермен, жасылды қызылды шарлармен, жалаушалармен безендірілген залдан ел егемендігі жолында өмірлерін сарп еткен қабырғалы қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылардың суреттері мен гиратты сөздері жазылған бұрыш, Астананың көрікті жерлері мен Елбасының ерен еңбегін ұлықтаған жылжымалы көрме орын алынды.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерейтойына арналған кешті гимназия директоры Г. Ермекова ашып, егемендіктің қазақ халқына берген сыйына, Елбасының тегеурінді еңбегін тілге тиек ете отырып, жиналғандарды мерейлі мерекемен құттықтады. Одан соң сөзді алған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері, отставкадағы полковник, Жамбыл облысы әкімдігі аппаратының штаттан тыс статист М. Байжанов Елбасының тәуелсіз Қазақстанды дербес мемлекет ретінде қалыптастырудағы еңбегін сөз етті. Ел алдында тұрған келеді міндеттер, соның ішінде еліміздің үлкеніген үміті-жастарға жүктеліп отырған міндетті баяндады. Ұлық мерекемен құттықтап, өскелең ұрпақтың жан-жақты білім алып, еліне, туған жеріне қызмет етіп, егемен еліміздің мәртебесін биіктетуге шақырды.

Қазақ, орыс, ағылшын тілінде жүргізілген кеште 10 “б” сынып оқушылары 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен көрініс көрсетті.

ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Үлгілі ауылдық округіндегі ауылдық клубқа жиналған тұрғындар Тұңғыш Президент күніне арналған концерттік бағдарламаны тамашалады. Жастар арасында “Елбасы бастаған даңқты Қазақстан” атты акция өткіріліп, ауылдың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан Үлгілі орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің ұстаздары А. Төлепбергенов пен Б. Жамышжанов, және өзге де азаматтарға құрмет көрсетілді.

“Балбөбек” балалар бақшасында тәрбиеленіп жатқан шағын топтар арасында “Қазақстан-Отаным менің” ән байқауы, “Жастар орталығының” жетекшісі Ә. Құдайбергенов және мектеп мұғалімдерінің ұйытқы болуымен Тұңғыш Президент күніне арналған жастар арасында кіші футболдан, шахмат және дойбыдан жарыстар өтіп, жеңімпаздар марапаттарға ие болды.

Тұңғыш Президент күніне орайластырып, Бәйтерек ауылдық округі әкімшілігінің мұрындық болуымен Сарыкемер орта мектебінде Бәйтерек ауылдық округі әкімінің кубогі үшін алғаш рет спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Окрутке қарасты мектептерден жасакталған командалар арасында арқан тарту, волейбол және кіші футболдан мектеп аралық жарыс өтті. Жарыстың ашылуында округтің әкімі М. Қиыбаев Тұңғыш Президент және Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен құттықтап, командаларға сәттілік тіледі.

Жарыс нәтижесінде арқан тартудан Сарыкемер орта мектебі-бірінші, Ю.Гагарин орта мектебі-екінші, А.Пушкин орта мектебі-үшінші орынды иеленді. Волейболдан бірінді орынды Н.Киікбаев орта мектебі, екінші орынды Сарыкемер орта мектебі, үшінші орынды А.Пушкин орта мектебі жеңіп алды. Кіші футболдан Сарыкемер орта мектебі жеңіс тағырынан көрінді. Екінші және үшінші орындарды Н.Киікбаев орта мектебі мен Ю.Гагарин орта мектебі өзара бөлісті.

Жалпы командалық есепте Сарыкемер орта мектебі бірінші орынды жеңіп алды. 2 орынды Н.Киікбаев орта мектебі, 3 орынды Ю.Гагарин орта мектебі иеленді.

Жеңімпаз командалар арнайы Кубоктармен, Мақтау қағаздармен ардақталды.



«У НАС БЫЛО ДВА ИВАНА»

В РАМКАХ МАСШТАБНОЙ АКЦИИ «25 ЗВЁЗДНЫХ ДНЕЙ», ПОСВЯЩЕННОЙ 25-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ, КОЛЛЕКТИВ РЕДАКЦИИ РАЙОННОЙ ГАЗЕТЫ «АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ» ПОСЕТИЛ ВЕТЕРАНА ТРУДА, ТРУЖЕНИКА ТЫЛА, КОТОРЫЙ МНОГО СДЕЛАЛ ДЛЯ ПРОЦВЕТАНИЯ РОДИНЫ, ДЛЯ СТАНОВЛЕНИЯ СУВЕРЕННОГО ГОСУДАРСТВА -



Василия Карповича Лисняка.

Директор районной газеты Б.Жаксымбетов поздравил ветерана с наступающим общенародным праздником, пожелал ему здоровья, благополучия детям, внукам, правнукам, мира, счастья и преподнёс ему памятный подарок.

В своей ответной речи, высказывая слова благодарности, Василий Карпович рассказал о своей трудовой деятельности, вспомнил тех, с кем трудился рука об руку во время войны, с кем поднимал целину. Ветеран с волнением вспоминал свою молодость, те трудные и бесконечно дорогие сердцу годы, людей с которыми он работал.

Василию Карповичу Лисняку в этот юбилейный год исполнилось 90 лет. Уроженец Кустанайской области, он начал свою трудовую деятельность ещё подростком, когда учился в школе, помогал родителям на колхозном поле. Когда началась война, ему было неполных 15 лет. Тогда все от мала до велика трудилось с утра до ночи на благо Победы. В 1943 году В. Лисняк закончил семилетку на «хорошо» и «отлично», и ему сразу доверили должность учётчика полеводческой бригады в своём колхозе имени Молотова. Отец и два брата были на фронте. Он оставался дома с матерью, братишкой и сестрёнкой за старшего.

«У нас в семье было два Ивана. Старшего назвали Иваном, когда родился второй – батюшка окрестил его опять Иваном. Так и звали все: одного – Иваном, другого – Ванько, - вспоминает Василий Карпович. - Война очень жестоко обошлась с нашей семьёй – отец с двумя братьями погибли на фронтах войны».

НАШ корр.

МҰРАТЫМЫЗ - МӘҢГІЛІК ЕЛ

А. ҚАРАБАЙ,
№1 орта мектеп.
Түймекент ауылы.

Тәуелсіздік-өмірлік құндылық. Тәуелсіздік ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қол жеткізгісі келген бірден-бір арман-тұғын.

“Өткен күн-кеше тарих, келер күн-ертең сыр, бүгінгі күн-сый” деп Қорқыт бабамыз айтқандай, бабалар арманы орындалып, еліміз егемендікке қолы жетті. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өлшеусіз еңбегінің арқасында еліміз әлемге танылды. Дамудың даңғыл жолына түстік. Киелі қазақ жерін мекен еткен 140 этнос өкілдері бір атаның баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп, ұрпақ өсіріп, ел игілігі жолында тер төгуде.

Тәуелсіздік – бұл халықтың сан ғасырлар бойы еркіндік жолындағы күресінің, Елбасының ерен еңбегі және 1986 жылғы желтоқсандағы ағаларымыз бен әкпелеріміздің қауармандық ерлігінің жемісі деп білеміз.

2016 жыл еліміз үшін мерейлі жыл-Тәуелсіздікке 25 жыл толып отыр. Тарихи тұрғыдан алсақ, үлкен мерзім емес, бірақ Президентіміздің бастауымен еліміз барлық бағытта да елеулі жетістіктерге жетті, әлі де алдымызда үлкен асуларды бағындыру міндеті тұр.

Қазақстанның дамыған озық 30 елінің қатарына ену және “Мәңгілік Ел” идеясын іске асыруға елімізде мүмкіндік мол. Алда тұрған келеді міндеттерді жүзеге асыру-ел ертеңі-жастардың қолында.

Еліміздің мәртебесін биіктететін -бүгінгі ұрпақ өкілдері. Біздер алған білімізбен жаңа белестерді бағындыратын боламыз. Ерінбей еңбек етсек, талмай ғылым іздеп, жалықпай техниканы меңгерсек, тұрмысымыз жақсы, абыройымыз асқақ болады. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін, қуаттылығы мен тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен берекесін, сәулетті де дәулетті тұрмысын гүлдендіре аламыз.

Ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтары үшін Қазақстанның тәуелсіздігі асыл арман болып келсе, ол қазір бірте-бірте орындалып келеді. Осыған әрдайым тәубе етеміз.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС-ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ!

С.СЫЗДЫҚОВ,
аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

Жемқорлық-қазіргі таңда еліміздегі күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын жемқорлық бізді ғана емес, саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып отырғаны анық.

Қазіргі уақытта Қазақстан Орталық Азия өңірінде ғана емес, тұтастай алғанда ТМД бойынша да жемқорлыққа қарсы неғұрлым мықты дамыған заңнамасы бар ел болып табылады. Мұндай құқықтық актілерден 1998 жылғы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңын, Жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын айтуға болады. 2005 жылы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі бекітілді. Ал 2007 жылдың 12 қаңтарында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң қабылданды.

Мемлекет тарапынан осындай жағымсыз құбылысты жою бағытында кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, жалғасын тауып жатса да қоғам бұл індеттен құтылар емес.

Оның бірнеше себептері бар десек, солардың бастысы әрине, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күрес үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюдың, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Ел болып еңсемізді көтеріңіз, тәуелсіздігімізді алғанымызға жиырма бес жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің сапынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, мызғымас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол-Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу-барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.



«Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь»

3 желтоқсан 2016 жыл

ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Дүйсенбі 5 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран. 06.05 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 07.00 “Таңшолпан”. 09.30 “KAZNEWS”. 10.00 М/с “Сисси”. 10.25 М/с “Роботкөлік Поли”. 10.45 “Айта.кз”. 11.50 “Дауа”. 12.25, 01.00 Т/х “...Үй болу қиын”. 13.00 “Бірге таңдаймыз!”. 14.10, 12.25 Т/х “Келін”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.40, 19.05 Т/х “Сурайя”. 17.30, 20.00, 23.50 “KAZNEWS”. 17.55 “Тәуелсіздікке 25 жыл”. “Тәуелсіздік-тірегіміз”. 18.10 “Назарбаев орталығы”. Арнайы жоба. 18.30 “Менің Қазақстаным!”. 20.45 “Айтұға оңай!”... 21.30 Т/х “Айман&Шолпан”. 23.15 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”. 00.35 “SPORT.kz”. 01.35 “Тәуелсіздік-тірегіміз”. 01.50 “Дауа”. 02.25 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев. 02.55 “Менің Қазақстаным”.

Сейсенбі 6 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран. 06.05 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 07.00 “Таңшолпан”. 09.30 “KAZNEWS”. 10.00 М/с “Сисси”. 10.25 М/с “Роботкөлік Поли”. 10.40 Т/х “Айман&Шолпан”. 11.35 “Айтұға оңай!”... 12.25, 00.50 Т/х “...Үй болу қиын”. 13.00 “Бірге таңдаймыз!”. 14.10 Т/х “Келін”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.40, 19.05 Т/х “Сурайя”. 17.30, 20.00, 00.05 “KAZNEWS”. 17.55 “Бейнет түбі-зейнет”. 18.05, 21.35 “Өткен мен жеткен”. 18.25 “Көңіл толқыны”. 18.40 Тәуелсіздікке 25 жыл. “Табыс сыры”. 20.45 “Айтұға оңай!”. 22.00 “Қазақстан Республикасы индустриалды инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы. 2016 жыл қорытындысы. “Жалпыұлттық телекөріс”. 23.30 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”. 01.25 “Табыс сыры”. 01.50 “Қылым пен жаза”. 02.10 “Өткен мен жеткен”. 02.30 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар. 06.05 “Житің здорово”. 07.00 “Доброе утро”. 10.00 “Судебные истории”. 11.00 “Басты патруль”. 11.10 “Той заказ”. 11.40 “П@yтинa”. 12.10 Ток-шоу “Все мы люди”. 13.10 “Ду

Сәрсенбі 7 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран. 06.05, 02.30 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 07.00 “Таңшолпан”. 09.30 “KAZNEWS”. 10.00 М/с “Сисси”. 10.25 М/с “Роботкөлік Поли”. 10.40, 21.30 Т/х “Айман&Шолпан”. 11.35 “Айтұға оңай!”... 12.25, 00.35 Т/х “...Үй болу қиын”. 13.00 “Бірге таңдаймыз!”. 14.10, 12.25 Т/х “Келін”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.40, 19.05 Т/х “Сурайя”. 17.30, 20.00, 23.50 “KAZNEWS”. 17.55 “Болатан берік, безбеннен тура”. 18.25 “Көңіл толқыны”. 18.40 “Ағробизнес”. 20.45 “Айтұға оңай”. 23.15 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”. 01.10 “Ағробизнес”. 01.35 “Болатан берік, безбеннен тура”. 02.00 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар. 06.05 “Житің здорово”. 07.00 “Доброе утро”. 10.00 “Судебные истории”. 11.00 “Басты патруль”. 11.10 “Той заказ”. 11.40 “П@yтинa”. 12.10 Ток-шоу “Все мы люди”. 13.10 “Ду кол шоколад”. 14.10 “Әйел сыры”. 15.10 “Правда”. 15.15 “Давай поженемся!”. 16.30 Х/ф “Невероятные приключения Алины”. 17.35 “Пусть говорят”. 18.50 Т/х “Ради любви я всё смогу”. 20.00

Бейсенбі 8 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран. 06.05, 02.15 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 07.00 “Таңшолпан”. 09.30 “KAZNEWS”. 10.00 М/с “Сисси”. 10.25 М/с “Роботкөлік Поли”. 10.40, 21.30 Т/х “Айман&Шолпан”. 11.35 “Айтұға оңай!”... 12.25, 00.45 Т/х “...Үй болу қиын”. 13.00 “Бірге таңдаймыз!”. 14.10, 12.25 Т/х “Келін”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.40, 19.05 Т/х “Сурайя”. 17.30, 20.00, 00.00 “KAZNEWS”. 17.55 “Қазақстан Республикасы мемлекеттік инновациялық дамуының оркестрінің концерті”. 18.40 “Жарқын бейне”. 20.45 “Айтұға оңай”. 23.15 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”. 23.50 “МУЗАРТ LIVE” күнделік. 01.15 “Жарқын бейне”. 01.45 “Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар. 06.05 “Житің здорово”. 07.00 “Доброе утро”. 10.00 “Судебные истории”. 11.00 “Басты патруль”. 11.10 “Той заказ”. 11.40 “П@yтинa”. 12.10 Ток-шоу “Все мы люди”. 13.10 “Ду кол шоколад”. 14.10 “Әйел сыры”. 15.10 “Правда”. 15.15 “Давай поженемся!”. 16.30 Х/ф “Невероятные приключения Алины”. 17.35 “Пусть говорят”. 18.50 Т/х “Ради любви я всё смогу”. 20.00

Жұма 9 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран. 06.05, 02.30 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 07.00 “Таңшолпан”. 09.30 “KAZNEWS”. 10.00 “МУЗАРТ LIVE”. 10.15 М/с “Сисси”. 10.40 Т/х “Айман&Шолпан”. 11.35 “Айтұға оңай!”... 12.25, 00.50 Т/х “...Үй болу қиын”. 13.00 “Бірге таңдаймыз!”. 14.10, 12.25 Т/х “Келін”. 15.00 “Әйел бақыты”. Ток-шоуы. 16.40, 19.05 Т/х “Сурайя”. 17.30, 20.00, 00.05 “KAZNEWS”. 17.55 “Үздік әндер”. 18.40 “Жан жылы”. 20.30 “Парламент”. 20.45 “Қоғамдық кеңес”. 21.30 “Сәлем, Қазақстан!”. 23.45 “Қылым пен жаза”. 00.35 “Парламент”. 01.25 “Жан жылы”. 01.45 “Қоғамдық кеңес”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 “Әйел сыры”. 06.45 “Жұма уағызы”. 07.00 Жаналықтар. 07.05 “Доброе утро”. 10.00 “Судебные истории”. 11.00 “Басты патруль”. 11.10 “Той заказ”. 11.40 “П@yтинa”. 12.10 Ток-шоу “Все мы люди”. 13.10 “Ду кол шоколад”. 14.10 “Әйел сыры”. 15.10 “Правда”. 15.15 “Давай поженемся!”. 16.30 Х/ф “Невероятные приключения Алины”. 17.35 “Пусть говорят”. 18.50 Т/х “Ради любви я всё смогу”. 20.00

Сенбі 10 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.45 Әнұран. 06.05 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 08.15 М/с “Дара мен достары”. 09.00 “Сенбілік таң”. 10.10 “МУЗАРТ LIVE”. Мета-жоба. 11.55 “Ас болсын!”. 12.35 “Баладан жұлдыз”. Жас таланттарға арналған өнер додасы. 13.40 “Ой-толғау”. 14.30 “Қазақ халықтың 350 жылдығына арналған “Мәңгілік Ел” мерекелік театрландырылған қойылымы”. 16.15 Т/х “Үзілмеген ұя”. 18.45 “МУЗАРТ LIVE”. Күнделік. 19.00 Т/х “Өмірдің өзі новелла”. 20.35 “Көңілашар”. 22.10 Концерт “Ұлы дала баласы”. 20.05 К/ф “Тарихта қалған ойын”. 02.25 “KAZNEWS”. 03.00 Т/х “Өмірдің өзі новелла”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар. 06.05 “Модный приговор”. 07.00 “Идеальный ремонт”. 07.50 Т/х “Вероника Марс”. 08.35 “П@yтинa”. 09.00 “Смак”. 09.40 Х/ф “Карнавал по-африкански”. 11.40 “Фабрика грёз”. 12.00 “112. Неделя”. 12.30 Т/х “Вероника Марс”. 13.25 “Той базар”. 14.25 “П@yтинa”. 15.30 Х/ф “Планс”. 20.00 “Первая программа”.

Жексенбі 11 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран. 06.05 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”. 07.40 “Әйел әлемі”. 09.05 “Аксауыт”. 09.30 “Бүгін жексенбі” таңғы ақпаратты-танымдық бағдарлама. 11.15 “Дара жол”. 12.50 “Сәлем, Қазақстан!”. 14.25 “Көңілашар”. 16.00 Т/х “Үзілмеген ұя”. 17.50 “Жайдарман”. Республикалық жоғары деңгейдегі. 18.40 “Айта.кз”. 19.00 “Айта.кз”. 20.00 “Айта.кз”. 20.17, 21.10, 02.40 “Үздік әндер”. 22.00 “МУЗАРТ LIVE”. Мета-жоба. 23.50 “Дара жол”. 01.15 К/ф “Армандастар”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар. 06.05 “Модный приговор”. 07.10 “Той заказ”. 07.40 Т/х “Вероника Марс”. 08.30 “П@yтинa”. 08.55 “Воскресные беседы”. 09.10 “Здоровье”. 10.15 “Голос Казахстана”. 12.00 “Басты бағдарлама”. 12.30 Т/х “Вероника Марс”. 13.25 “Кешкі кездесу”. 15.00 “Открытие Китая”. 15.45 Х/ф “Остандарт навигатор”. 20.00 “Аналитика”. 21.00 “П@yтинa”+. 22.00 “Той базар”. 23.00 Т/х

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ

Редактордың міндетін уақытша атқарушы
Г.ЕРМҰРАТОВА

Кезекші Р.ЖАҚЫПБАЕВА.

Меншік иесі-

“Байзақ аудандық “Ауыл жаңалығы”-
“Сельская новь” газетінің редакциясы”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЕВРАЗИЯ

06.00 Жаналықтар. 06.05 “Житің здорово”. 07.00 “Доброе утро”. 10.00 “Судебные истории”. 11.00 “Басты патруль”. 11.10 “Той заказ”. 11.40 “П@yтинa”. 12.10 “Өң дариң”. 13.10 “Ду кол шоколад”. 14.10 “Әйел сыры”. 15.10 “Правда”. 15.15 “Давай поженемся!”. 16.30 Х/ф “Невероятные приключения Алины”. 17.35 Ток-шоу “Родина”. 18.50 Т/х “Ради любви я всё смогу”. 20.00 “Главные новости”. 20.55 Т/х “Кос жүректің лүпілі”. 22.00 “Басты жаңалықтар”. 22.40 Т/х “Ғажайып жан”. 23.35 “П@yтинa”. 00.00 Т/х “Науци меня жить”. 02.00 “Басты патруль”. 02.20 “Басты жаңалықтар”. 02.55 “Әйел сыры”. 03.40 “Той заказ”.

АСТАНА

07.00 “Суперпапа”. 07.40 “Біздің уақыт”. 08.40, 13.40 М/ф “Ну, погоди!”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00 Т/х “Махаббат дерті”. 11.10 Т/х “Жетім жүрек”. 12.10, 22.00 “Қош келдіңіз. Жаңа маусым”. 13.10 М/ф “Дед Мороз и лето”. 13.30 М/ф “Дед Мороз и Серый Волк”. 14.10 Т/с “Уравнение любви”. 15.20 “Избранное за неделю”. 16.10 “Рио чемпиондары”. 16.30 “Аналар”. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 20.00, 00.20 Жаналықтар. 20.30, 23.50 Новости “20:30”. 00.50 “Тенгемения”. 22.50 Т/х “Махаббат дерті”. 01.10 Т/х “Жібек”.

кол шоколад”. 14.10 “Әйел сыры”. 15.10 “Правда”. 15.15 “Давай поженемся!”. 16.30 Х/ф “Невероятные приключения Алины”. 17.35 “Пусть говорят”. 18.50 Т/х “Ради любви я всё смогу”. 20.00 “Главные новости”. 20.55 Т/х “Кос жүректің лүпілі”. 22.00 “Басты жаңалықтар”. 22.40 Т/х “Ғажайып жан”. 23.35 “П@yтинa”. 00.00 Т/с “Науци меня жить”. 02.00 “Басты патруль”. 02.20 “Басты жаңалықтар”. 02.55 “Әйел сыры”. 03.40 “Той заказ”.

АСТАНА

07.00 “Тенгемения”. 07.20, 20.00, 01.00 Жаналықтар. 07.50, 20.30, 00.30 Новости “20:30”. 08.20 М/ф “Шипшопик”. 08.40 М/ф “Иванушка из Дворца пионеров”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00, 22.50 Т/х “Махаббат дерті”. 11.10, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 12.10, 22.00 “Қош келдіңіз. Жаңа маусым”. 13.10 М/ф “Ну, погоди!”. 14.10 Т/с “Уравнение любви”. 15.20 Т/с “Департамент”. 16.30 “Сыртты бүгін” деректі драма. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 23.50 Д/ф “Герои среди нас”. 01.30 Т/х “Жібек”.

ХАБАР

07.02 Д/ф “Өмір сабақтары”. 07.30 Д/ф “Сотка жеткізбей”. 08.00 “Жана күн”. 10.10 Т/х “Тақия работа”. 11.00 Т/х “Көрмдік”. 11.25 “Энергия будущего - ЕХРО-болашақ энергиясы”. 11.30 Реалити-шоу “Экспедиция 25”. 12.00 Д/ф “Өр үйдін сыры баска”. 12.30 “Магия кухни”. 13.00 Т/с “Унесенные рейсом”. 13.30 Т/с

17.35 “Пусть говорят”. 18.50 Т/х “Ради любви я всё смогу”. 20.00 “Главные новости”. 20.55 Т/х “Кос жүректің лүпілі”. 22.00 “Басты жаңалықтар”. 22.40 Т/х “Ғажайып жан”. 23.35 “П@yтинa”. 00.00 Т/с “Науци меня жить”. 02.00 “Басты патруль”. 02.20 “Басты жаңалықтар”. 02.55 “Әйел сыры”. 03.40 “Той заказ”.

АСТАНА

07.00 “Тенгемения”. 07.10 “Инвестиция және даму”. 07.20, 20.00, 01.00 Жаналықтар. 07.50, 20.30, 00.30 Новости “20:30”. 08.20 М/ф “Бременские музыканты”. 08.40 М/ф “По следам бременских музыкантов”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00, 22.50 Т/х “Махаббат дерті”. 11.10, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 12.10, 22.00 “Қош келдіңіз. Жаңа маусым”. 13.10 М/ф “Ну, погоди!”. 14.10 Т/с “Уравнение любви”. 15.20 Т/с “Департамент”. 16.30 “Сыртты бүгін” деректі драма. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 23.50 Д/ф “Герои среди нас”. 01.30 Т/х “Жібек”.

ХАБАР

07.02 “Әсем әуен”. 07.15, 17.00 “Біздің үй”. 08.00 “Жана күн”. 10.10 Т/с “Тақия работа”. 11.00, 16.30 Т/х “Көрмдік”. 11.25 “Энергия будущего - ЕХРО-болашақ энергиясы”. 11.30 Реалити-шоу “Экспедиция 25”. 12.00 Д/ф “Өр үйдін сыры баска”. 12.30

“Главные новости”. 20.55 Т/х “Кос жүректің лүпілі”. 22.00 “Басты жаңалықтар”. 22.40 Т/х “Ғажайып жан”. 23.35 “П@yтинa”. 00.00 Т/с “Науци меня жить”. 02.00 “Басты патруль”. 02.20 “Басты жаңалықтар”. 02.55 “Әйел сыры”.

АСТАНА

07.00 “Тенгемения”. 07.10 “Инвестиция және даму”. 07.20, 20.00, 01.00 Жаналықтар. 07.50, 20.30, 00.30 Новости “20:30”. 08.20 М/ф “Бобик в гостях у Барбоса”. 08.40 М/ф “Верните Ракса”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00, 22.50 Т/х “Махаббат дерті”. 11.10, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 12.10, 22.00 “Қош келдіңіз. Жаңа маусым”. 13.10 М/ф “Ну, погоди!”. 13.40 М/ф “Возвращение блудного попугая”. 14.10 Т/с “Департамент”. 16.30 “Сыртты бүгін” деректі драма. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 23.50 Д/ф “Герои среди нас”. 01.30 Т/х “Жібек”.

ХАБАР

07.00 “Әсем әуен”. 07.15, 17.00 “Біздің үй”. 08.00 “Жана күн”. 10.10 Т/с “Тақия работа”. 11.00, 16.30 Т/х “Көрмдік”. 11.25 “Энергия будущего - ЕХРО-болашақ энергиясы”. 12.00 Д/ф “Өр үйдін сыры баска”. 12.30 “Магия кухни”. 13.00 Т/с “Унесенные рейсом”. 13.30 Т/с “Женский детектив”. 14.00 Т/с “Центральная больница”. 15.00 “Важно знать”. 15.15 “Пай, пай, 25”. 17.25 Ток-шоу “Давайте говорить!”. 18.30 “Билу маньдзы”. 18.45 “Жеңімпаз

лүпілі”. 22.00 “Басты жаңалықтар”. 22.40 Т/х “Ғажайып жан”. 23.35 “П@yтинa”. 00.00 “Ночь больших кулаков! Сергей Морозов (Казахстан) - Джош Реттингхаус “M1 CHALLENGE 73”. 02.40 “Басты патруль”. 02.50 “Басты жаңалықтар”. 03.25 “Житің здорово”. 04.20 “Той заказ”.

АСТАНА

07.00 “Инвестиция және даму”. 07.20, 20.00, 01.00 Жаналықтар. 07.50, 20.30, 00.40 Новости “20:30”. 08.20 М/ф “В некотором царстве”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00, 22.50 Т/х “Махаббат дерті”. 11.10, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 12.10, 22.00 “Қош келдіңіз. Жаңа маусым”. 13.10 М/ф “Трое из Простоквашино”. 13.30 М/ф “Каникулы в Простоквашино”. 13.50 М/ф “Зима в Простоквашино”. 14.10 Т/с “Департамент”. 16.30 “Сыртты бүгін” деректі драма. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 23.50 “Сырласу” ток-шоуы. 01.40 “KAZNET”.

ХАБАР

07.02 “Біздің үй”. 08.00 “Жана күн”. 10.10 М/с “Щенячий патруль”. 11.00, 16.30 Т/х “Көрмдік”. 11.25, 19.40 “Энергия будущего - ЕХРО-болашақ энергиясы”. 11.30 Реалити-шоу “Экспедиция 25”. 12.00, 02.00 Д/ф “Өр үйдін сыры баска”. 12.30 “Магия кухни”.

20.30 “Голос Казахстана”. 22.15 “Басты бағдарлама”. 22.45 “Кешкі кездесу”. 00.00 “Ледниковый период”. 02.40 “112. Неделя”. 03.00 “Кешкі кездесу”.

АСТАНА

08.00 Жаналықтар. 08.30 Новости “20:30”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00 “Тенгемения”. 10.15 “Астана кеші көңілді” концерттік. 11.00, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 12.00 Т/с “Лето волков”. 15.20 К/ф “Жеңеркін”. 16.45 “Тенгемения”. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 20.00 “Біздің уақыт”. 20.45 “Біздің ауыл”. 22.10 “Ең аузында”. 22.40 “Ой мен ойын” шоуы. 23.30 Т/х “Ханзада Ван Со”.

ХАБАР

07.02 “Калжын қоржыны”. 08.30 “Өзін-өзі тану”. 08.40 “Продваторс”. 09.00 “Сыңарлы аз үй”. 09.35 “Биле, Казахстан!”. Дневник. 09.50 “Өңгемнен ашығы”. 10.30 Х/ф “Заветное желание”. 12.10 “Қызық times”. 13.20 “Лето волков”. 14.50, 16.30, 17.00 Ток-шоу “Биле, Казахстан!”. 18.30 “Әділ-дұман”. 19.45, 21.00 Танцевальное шоу “Биле, Казахстан!”. 22.00, 22.30 Танцевальное шоу “Биле, Казахстан!”. Итоги голосования. 01.30

“Ғажайып жан”. 00.00 “Точка-в-точку”. 02.45 “П@yтинa”+. 03.30 “Той базар”. 04.15 “Модный приговор”.

АСТАНА

08.00 “Суперпапа”. 08.40 М/ф “Ну, погоди!”. 09.00 Т/с “Украденная жизнь”. 10.00 “Тенгемения”. 10.15 “Астана кеші көңілді”. 11.00, 18.00 Т/х “Жетім жүрек”. 12.00 Т/с “Лето волков”. 15.20 “Үздік әндер” концерттік. 16.45 “Тенгемения”. 17.00, 21.00 Т/х “Ұрланған тағдыр”. 19.00 Т/х “Қыз ақысы”. 20.00 “Избранное за неделю”. 20.45 “Новый курс”. 22.00 “Ел аузында”. 22.30 К/ф “Шабанм”. 00.50 Т/х “Ханзада Ван Со”.

ХАБАР

07.02 “Калжын қоржыны”. 08.20 “Әсем әуен”. 08.50 “Ас арқау”. 09.15 “Самознание”. 09.25 Дневник “Биле, Казахстан!”. 09.40 Аспаздық бағдарлама. “Сыңарлы аз үй”. 10.15 “Спортивная игра “Я-чемпион”. 10.45 “Тайны и судьбы великих казахов”. 11.45 М/ф “Щенячий патруль”. 12.15 Х/ф “Инспектор Гаджет-2”. 13.45 Т/х “Сүйген жарым”. 15.15 “Ду-дұман”. 16.30, 17.00 Т/х “Экспедиция 25”. “Көрмдік”. 17.30 “Компромат”. 18.30 “Қызық TIMES”. 19.30 “Бенефис-шоу”. 20.50 “Результаты финансово-операционной

07.02 Д/ф “Өмір сабақтары”. 07.30 Д/ф “Сотка жеткізбей”. 08.00 “Жана күн”. 10.10 М/с “Щенячий патруль”. 11.00 Т/х “Көрмдік”. 11.30 Реалити-шоу “Экспедиция 25”. 11.55 “Энергия будущего - ЕХРО-болашақ энергиясы”. 12.00 Д/ф “Өр үйдін сыры баска”. 12.30 “Магия кухни”. 13.00 Д/ф “Семейные мелодрамы”. 14.00 Т/с “Центральная больница”. 15.00 “Народный контроль”. 15.15 “Көңіл толқыны”. 15.45 “Қызық times”. 16.30 Ток-шоу “BILIM”. 17.00 “Біздің жүрек”. 17.30 Т/х “Полешендер”. 18.30 “Біздің назарда”. 18.45 “Жеңімпаз жолы”. 19.00 Жаналықтар. 19.40 “Энергия будущего-ЕХРО-болашақ энергиясы”. 19.50 Т/х “Бәсеке”. 20.30 “Бетпе-бет”. 21.00 “Итоги дня”. 21.40 Т/х “Тақия работа”. 22.40 Т/с “Осколки”. 23.35 “Көңіл толқыны”. 00.05 “Тағдыр тартысы”. 00.40, 02.20 Жаналықтар. 01.10 Д/ф “Өр үйдін сыры баска”. 01.50 Д/ф “Сотка жеткізбей”. 03.00 КР әнұраны.

КТК

07.00 КР әнұраны. 07.05 К/ф “Мөлдір тоған”. 08.25 Т/х “Шырғалаң”.